

**№9 "Балбөбек" ересек тобының «Шебер балақайлар» вариативтік  
компонент ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Тәрбиеші: Құлжанова Г.М

2021-2022жж

## Түсінік хат

Балалардың шығармашылығын дамытудың маңызды факторларының бірі – олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететін жағдай жасау болып табылады. Балалар шығармашылығы бала дамуының, атап айтқанда оның көркем қабілеттерінің маңызды факторы қызметін атқаратын еліктеуге негізделген. Шығармашылық әрекет дегеніміз - нәтижесінде әлем туралы жаңа білім алуды немесе шындықты бейнелейтін жаңа қарым-қатынас жөнінде қандай да бір жаңа өнім алуды білдіреді. Шығармашылық әрекеттің нәтижесі баланың тәжірибесіндегі бұрын игерген әсерлері мен әрекеттерді жаңғырту емес, жаңа бейнелер немесе әрекеттер құру. Әрекеттің бұл түрі шығармашылық қабілеттерге негізделеді. Тәрбие адам бойында еңбекке деген сүйіспеншілік пен әдетті дамытуы керек; ол адамға өмірдегі өзі үшін қажетті еңбекті табуға мүмкіндік жасауы керек... Тәрбие адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүрегінде еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындай еңбекке деген ынтаны жандыруы қажет»- деп жазады. Еңбек тәрбиесі отбасында әр түрлі жолдармен іске асады. Балалар өзіне-өзі қызмет көрсетуге кеңінен қатыстырылады. Олар үй шаруашылығында көптеген міндеттер атқарады. Балалар мен ересектердің бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіншілік болады.

### **Мақсаты:**

Балалардың еңбек етуге деген қызығушылықтарын және даярлықтарын жетілдіру

### **Міндеттері:**

- Балалардың белсенділік, іскерлік және еңбекті құрметтеу қасиеттерін дамыту;
- Жұмыс барысында табиғи материалдарды орынды қолдану іскерліктерін жетілдіру;
- Ұйымдастырушылық қабілеттерін, ұжымдық еңбекте ынтымақтастық сезімдерін дамыту.

### **Мазмұны**

- Қағазбен жұмыс
- Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс
- Өз қалаулары бойынша жұмыс
- Шығармашылық көрме

**Мерзімі:** Ересек топта аптасына 1 рет, жылына 36 сағатқа.

Р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар, көрнекіліктер
1	"Шеберлер елінде саяхат"	<p>Балаларға сиқыршылар елінде саяхат жасай отырып, әр түрлі қызықты суреттермен, заттармен жұмыс жасауды көрсетіп, балалармен бір жыл бойы шығармашылық жұмыспен қамтамасыз етуге, әр-түрлі құрал жабдықтармен жұмыс жасауға, қызықты заттарды ойдан құрастыра алуына, қол қимылдарының жұмыс жасауына, ой-қиялын дамытуға тәрбиелеу.</p> <p>Сиқыршылар елінде жасалатын әр түрлі заттарды өзінің ережелерімен таныстыра отырып, ұқыпты жұмыс жасауға және өздерінің жасаған жұмыстарына қанағаттанарлық болатындай дәрежеге жеткізу.</p> <p>Ермексаз, түрлі қағаздар мен табиғи қалдық материалдарды қолдана отырып тақырыпқа сай шығарманы дайындап шығару.</p>	<p>Көрнекілік суреттер, балаларға қажетті бір жылдық құрал жабдықтар: әр түрлі тақырыпқа сай көрнекіліктер, ермексаз, қарындаш, сүлгі, тақтайша, қайшы, түрлі-түсті қағазбен жұмыстар, қалдық материалдар, т.б</p>
2	"Атамның көлігі" (сурет салу)	<p>Балаларға бояумен сурет салдыруға ынтасын ашу. Сурет салудағы алғашқы рет қаламды қалай ұстау керегін түсіндіре отырып, әдемі сурет салуға үйрету. Атамның көлігін қоңыр түсті гуашспен сала отырып, сурет салуа қызығушылығын арттыру.</p>	<p>Сурет дәптері, қылқалам, гуаш, сүлгі.</p>
3	"Машина дөңгелегі" (мүсіндеу)	<p>Балаларға ермексазды бере отырып, алдыңғы жасаған жұмыстарына арнап атасының көлігін, саусағының қимыл-қозғалыстары арқылы дөңгелек жасауға үйрету. Дөңгеле пішінді ермексаздан жасап, алақан арасына домалақтап кейін шеңбер болған мүсінді үстінен бастырып саусақпен езу әдісін жасау. Кейін дайын мүсінді машина дөңгелектеріне орналастыру.</p>	<p>Машинаның суреттері, дөңгелектер, ермексаздар, тақтайша, суреттері.</p>
4	"Кілемді безендіреміз" (жапсыру)	<p>Қағаз жазықтығында қазақ өнерінің элементтерін бұрыштарға орналастырып ою құрауға үйрету. Кілемді</p>	<p>Сурет дәптері, желім, түрлі түсті қағаздар, үлгі</p>

		қағаз бетіне түсіре отырып, түрлі-түсті қағаздардың қиыршық ою пішіндерді жасай отырып, қағаз бетіне әдемілеп кілемді жасау. Балалардың зейінін ашу.	суреттері.
5	"Алтын күз" (сурет салу)	Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету.	Сурет дәптері, сары түсті гуашь, күздің жапырақтары, ылқалам, сүлгі.
6	"Әжемнің тәтті тоқашы" (мүсіндеу)	Ермексазды алақанның арасында түзу қимылдармен жазып, ортасынан бөлік жасап, дөңгелек тоқаштың мүсінін жасау. Қол моторикасын дамыта отырып, баланың жұмысын қызығушылықпен жазауын және ұыптылыққа тәрбиелеу.	Көрнекілік суртер үлгісі, ермексаздар, тақтайша, тоқаш суреттері.
7	"Сақина" (сурет салу)	Қол қимыл-қозғалысын икемдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету. Бояу түрлерін ажырату. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық киімдерге, бұйымдарға көңіл аудару.	Түрлі-түсті сақиналар, гуашь бояуы, қылқалам, сурет дәптері, сүлгі.
8	"Жапырақтар сарғайды" (жапсыру)	Жапырақшаларды түстері бойынша кезектестіріп, ұсақ бөліктерін орналатыруға және жапсыруға көмектесу. Желім арқылы қағаз бетіне жапырақтарды жабыстыра отырып, күздің сый кереметін балаларға қызықты етіп әңгімелеп беру.	Қағаз, желім, түрлі түсті қағаздар, жапырақтар, сүлгі, көрнекіліктер.
9	"Саңырауқұлақ" (кұрастыру)	Орманда өсетін әдемі түрлі түсті саңырау құлақтардың суретін балаларға таныстыра отырып, жеуге болатын және жеуге болмақтын саңырауқұлақтарды ақта отырып ермексаздан және қалдық материал жаңғақтан әдемі саңырауқұлақты жасап шығару.	Қалдық материалдан жаңғақ бөліктері, ермеказ, қағаз және сүлгі.
10	"Түрлі түсті карандаштар" (мүсіндеу)	Жыл басында қолданатын қарындаштарды ермексаз арқылы жасау, ермексазды алақанның арасында түзу қимылдармен жазу дағдысын жетілдіру. Түрлі-түсті	Үлгі бойынша суреттер, ермексаз, тақтайша, сүлгі.

		карандашта жасауға, қол моторикасын дамыта отырып, қызығушылығын арттыру.	
11	"Теледидар" (сурет салу)	Көзбен көріп жүрген дүниені сурет салу барысында тік бұрышты бейнелеп заттарды салуға үйрету. Көріп қабылдау арқылы есте сақтауын дамыту. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Қылқаламмен қағаз бетіне төртбұрышты пішінді сала отырып бір жақ бөлігін нүкте арқылы белгі қалдыру.	Теледидар суреті, қоңыр түсті гуашь, сурет дәптері, қылқалам, саңырауқұлақ суреті,
12	"Бас киім" (жапсыру)	Жыл мезгілдеріне байланысты қандай киім киетіндеріне тоқтала отырып, пішіні әр түрлі тақияларды түстеріне сәйкес топтауға үйрету. Оларды күнделікті қолданылатын заттар мен байланыстыра айта білуді меңгерту, тақырыпқа қатысты жұмбақтар үйретіп сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету, тақияның суретін әр түрлі газет қалдықтарынан жабыстыру.	Газет қалдықтары қағаз, желім, үлгі суреттері, сүлгі.
13	"Жапалақтап қар жауды" (сурет салу)	Балаларды алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету, қоршаған ортаға-үйлерге, заттарға, ағаштарға, жерге қарай қардың әдемі болып жауатындығын бақылата отырып, көк түс пен ақ бір-бірімен үйлесімділігіне қарай көңіл бөлуін қадағалау. Таяқшаларды пайдалана отырып қарды суретін салуды үйрету.	Тіс щеткасы, ақ пен көк түсті гуашь, ақ қағаз, қылқылам тақшалары, сүлгі.
14	"Аққала" (жапсыру)	Балаларға қыс туралы айта отырып, аққаланы құрастыруға, үш бөлікті қосып, оларды бөлшектермен толықтыруға (мұрын, ауыз, көз, қолдар) үйрету. Жабыстыру барысы бойынша қалдық материалдар яғни мақталарды бөліктерге бөле отырып, желім арқылы жағазбетіне жабыстыру.	Мақта бөліктері, қағаз, желім, сүлгі, аққаланың суреті.

15	"Сиқырлы таяқша" (сурет салу )	Балаларға қағаз түрлерімен және түрлі-түсті қарындаштрмен таныстыру.Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.Қарындашты оң қолен ұстауға жаттықтыру.Ұқыптылықпен,тазалықпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.3-4 түсті қарындашты ала отырып сиқырлы таяқшаның суретін,ұзын сызық арқылы салу дағдысын үйрету.	Түрлі-түсті қарындаштар,ак қағаз,қарындаштар суреттері
16	"Жасыл шырша жанында" (жапсыру)	Бейнелеген суреттері көркейтіп,жасыл түстермен таныса отырып,шырша суретін салуға үйрету.Жаңа жылдың суреттің әсемдігін бейнелеп беру.	Қағаз,желім, түрлі түсті қағаздар,үлгі суреттері
17	"Шырша шамдарымен" (сурет салу)	Суреттерді сызықтың сырттарына шығармай бояуды, суретті ұсақ бөлшектермен толықтыруды үйрету. Қылқаламның ұшымен жасыл түспен шыршаның сурет сала білу, бояу ауыстыру алдында қылқаламды сумен мұқият шаю. Бояу кепкенше тосуға дағдыландыру. Қылқаламды басу күшін игерту, эстетикалық талғамды тәрбиелеу.	Сурет дәптері, балды акварель, су құйылған стакан, майлық, сүлгі.
18	"Апандағы аю" (мүсіндеу)	Балаларға қыс мезгілінде өмір сүретін аюдың мүсінін жасай білуге үйрету, Ермексаздың күшімен аюды жасай отырып,ермексазды қол алақанының арасына салып,домалатып басын,қолын,денесін жасауға үйрету,қол қимылын дамыту.	Ермексаздар,үлгі бойынша суреттер, тақтайша,сүлгі.
19	"Қанқызы" (кұрастыру)	Жәндіктің өзіне тән ерекшелігін бере отырып, қанқызының суретімен таныстыра отырып,Қалдық материалдандан қанқыздың бейнесін жасай білу.Қалдық материалдардың ішінен қалпақтарды ала отырып дайын суреттерге қара түсті қалпақшаны орналастыра алуына даярлау..	Қалдық материалдан қара,қызыл түсті қалпақтар,сурет дәптер,қарындаш.

20	"Жаңбырлы күн" (жапсыру)	Жаңбырлы күннің ерекше бейнесін көрсете отырып балаларға қағаз бетіне түсіруге көмектесу. Табиғи материал яғни күрішті көк түске бояп кейін оны кептіріп дайындап, балаларға бере отырып, желім арқылы қағаз бетінде жабыстыруға үйрету.	Асқа қосатын күріш ,сурет дәптері, желім, сулық.
21	"Мойын орағыш" (сурет салу)	Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру. Мойынорағышты қай кезде тағуға болатындығы жөнінде түсіндіріп, көрнекілік суреттермен көрсету. Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызуға және қылқаламды оң қолмен ұмтай білуіне үйрету. Ұқыпты бояи білуге үйрету.	Сурет дәптері, балды акварель, су құйылған стакан, майлық, сүлгі.
22	"Тәтті бауырсақ" (мүсіндеу)	Балаларға ерекше болатындай табиғи материалдарды қолдана отырып, тәтті бауырсақ жасау. Ол үшін бізге қажетті заттарды пайдаланымыз. Бізге қажет қолымызға қолғап кие отырып, картоп крахмалына сары түсті бояуға араластырып кейін суды аз мөлшеде құйып, бірге араластыру, кейін алақанның ортасына салып қысып мүсін жасау.	Картоп крахмалы, сары түсті бояу, аз мөлшердегі су, қолғап, тәтті бауырсақ суреті, тақтайша, сүлгі.
23	"Түрлі-түсті шарлар" (сурет салу)	Балаларға ауа шарларының суретін салуды үйрету. Жұмыр пішіндерді салу, бейнені ұсақ бөлшектермен толықтыру машығын дамыту. Суретті картоптың жарт бөлігімен түрлі-түсті бояуларға сала отырып, қағаз бетіне әдемі түрлі-түсті шарлардың бейнесін салып шығару. Қимылдардың дәлдігін, эстетикалық талғамдарын тәрбиелей отырып, баланың сурет салуына қызығушылығын арттыру.	Картоп , түрлі-түсті гуашь, сурет дәптері, майлық.
24	"Тышқан" (жапсыру)	Балаларға тышқанның не екендігін сұрау, оның нені жақсы көретінін сұрау арқылы баланың ой-өрісін дамыту. Үлгіге сүйеніп дайын пішіндерден бейне құрап, ретімен қағаз бетіне жабыстыруға үйрету.	Қағаз, желім, түрлі түсті қағаздар, үлгі суреттері

		Геометриялық пішіндерді топтастыра білуін қадағалау.	
25	"Үйдің суретін саламыз" (сурет салу)	Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білуге дағдыларын қалыптастыру.Бояу түсін таңдай білу,сурет салуға қызығушылығын арттыру.Шығармашылық белсенділіктерін	Қылқалам,сурет дәптері, майлық, акварель, сүлгі.
26	"Анама арналған моншақтар" (кұрастыру)	Балаларға аналар мерекесімен таныстыра отырып,анамызға әдемі сыйлықты өз қолымызбен жасай алатынымызға сендіру.Баланың қызығушылығын арттыра отырып, қол мотрикасын дамыту.Жіп арқылы әр түрлі рошкилерді ала отырып,жіптен өткізе алуына,кейін екі жіптің басын біріктіріп қосып байлауға үйрету.	Жіп,түрлі-түсті рошки,моншақ сурттері,
27	"Әдемі көйлек" (жапсыру)	Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету.Балалардың қолмен жасалатын жұмыстарына күш бере отырып,әрі қарай жұмысты тез әрі оңай жасай алуына тәрбиелеу.Өздеріне ұнайтын әдемі көйлектерді қалдық маталарды қайшымен қия отырып,салған суретіне желім арқылы жабыстыруға үйрету.Эстетикалық талғамын арттыру,әдемілікке тәрбиелеу.	Қалық маталар,қайшы, желім,сурет дәптері,майлық.
28	"Тәрелкедегі алма" (сурет салу)	Балаларға пенопласты ала отырып,алақанмен оны мүжеу арқылы дөңгелек пішін шығарып,кейін қызыл түсті пайдалана ,дөңгелек болған пішінді бояу.Дйын болған алмамызды пласмассаларға салып,терезе алдына қойып кептіру.Балалардың қолмен жасаған жұмыстарына алғыстарын айтып,қызығушылығын арттыру.	Пеноплас,пласмасса, қайшы,қызыл түсті бояу,қылқалам,майлық.
29	"Күн жарқырап,гүл өсті" (сурет салу)	Балаларға бояумен сурет салғызуға қызығушылықтарын арттыру.Жаз мезгілінде өсетін әдемі гүлдердің суретін сала отырып,түрлі-түсті гүлдердің өзіндік әдемі ерекшеліктеріне мән беруін қадағалау.Әсемдікке баулу.	Сурет дәптері, балды акварель, су құйылған стакан, майлық, сүлгі



30	"Мысығыма доп" (кұрастыру)	Мысығыма арналған допты біздер жәіптерді пайдалану арқылы жасаймыз.Ол үшін бізге керегі тоқыма жіпті балаларға бере отырып кейін оны доңгелек етіп орай отырып доптың бейнесін шығару.	Тоқыма жіптер,қайшы,қағаз, көрнекілік суреттер
31	"Жайлауда" (сурет салу)	Балаларды дымқыл қағаз бетіне сурет салу техникасымен таныстыру. Гүлденіп тұрған жайлаудың әсемдігін бояуды сілтеп, жағу арқылы бере білуді үйрету. Шығармашылық ой-қиялды, эстетикалық талғамды дамыту. Туған өлкенің табиғатына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	Сурет дәптері,ауыл суреттері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.
32	"Дастарғанға арналған кесе" (мүсіндеу)	Балаларға кесе туралы әңгімелесе отырып,ол не үшін қажет екендігін сұрау.Кесені жасау үшін ермексазды пайдалана отырып, алақанға айналдыра отырып, жалпақтау және ішіне басып енгізу әдісін қолданып,кейін дайын болған кесемізге әдемі моншақтарды ермексаз арқылы жабыстырып,балаларды кесе жасауға үйрету.	Ермексаздар, тақтайшалар,кесенің суреті,моншақ бөліктері
33	"Ағаштар" (жапсыру)	Ағаш туралы балаларға мағлұмат бере отырып,ағашта не өсетінін және оған қамқорлық жасау керегін түсіндіру.Бөлшектерді жіптер арқылы жапсырып және бірінғай бейнені құрып,затты құрастыру дағдыларын дамыту.Ірі және ұсақ бөлшектерді орналастыруға және жапсыруға үйрету.Қоңыр жіптерді ағаштың бұтақтары мен талдарына желім арқылы жабыстыру.	Қағаз,желім, түрлі түсті қағаздар,үлгі суреттері
34	"Жаз" (мүсіндеу)	Балаларға жаз мезгілінің ұғымын түсіндіре отырып,жазда өсетін қызғалдақ гүлдерін ермексаз арқылы жасауға үйрету.Қағаз бетіне ермексаздан гүл жасай отырып жабыстыру және сабағын жасыл түспен ермексаздан жасау отырып,гүл бейнесін шығару,ұжымда жеке жұмыстарды біріктіруге үйрету.	Ермексаздар, тақтайшалар,гүлдердің суреті,моншақ бөліктері

35	"Жемістер" (сурет салу)	Балаларға жазда пісетін жемістердің түрлерімен таныстыра отырып, жемістердің ішінен өздеріне ұнайтын жемістің суретін салуға ынталандыру. Еркін сурет салуын қалыптастыру.	Жемістер сурету, сурет дәптері, балды акварель, су құйылған стакан, майлық, сүлгі
36	"Кемпірқосақ" (жапсыру)	Бейнелеу өнерінде заттардың қасиеттеріне сәйкес түстерді ажырата білуге, оны дұрыс пайдалана білуге үйрету, қалдық материалдан трубкаларды түстеріне сәйкес ала отырып, желімдеп қағаз бетіне жабыстыру. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	Қалдық материалдан түрлі-түсті трубкалар, қағаз, желім, үлгі суреттері